



**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 14 шілдедегі N 677 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 6 наурыздағы N 169 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Павлодар химия зауыты" акционерлік қоғамының конкурстық массасын сатудың ерекше шарттары мен тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 14 шілдедегі N 677 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармақтың 1) тармақшасында ", бескүкіртті фосфорды импорттауға, сатып алуға, сақтауға, пайдалануға лицензиясының" деген сөздер алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*